

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Дайындық орталығы
Қазақ орыс тілдері бөлімі
Саяхаттану технологиясы бойынша «Көне қала – Түркістан» қаласына саяхат

Кезектен тыс №3 хатамасы

28.04.2025ж.

Түркістан қаласы

Қатысқандар: Бөлім басшысы А.Қ. Мырзаханова, топ тәлімгерлері, тыңдаушылар, кесене қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен таныстыру

1. Саяхаттану технологиясы бүгінгі қолданыстағы оқу-әдістемелік кешен құрылымына енген тақырыптарға қосымша сабақ түрінде білімін дамыту, кеңейту бағытында түрлі саяхаттарды ұйымдастыру мақсатында ұтымды әрі тиімді қолданылуы тиіс.

Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытып-үйрету бағытында Қазақ тілі (B1) оқу бағдарламасындағы тақырыптарға сәйкес «Ел таны, жер таны» тақырыбы негізінде атақты Ясауи кесенесі жайында оқу саяхатын ұйымдастыру арқылы білім алушының тілдік деңгейін дамыту әрі молырақ ақпарат беру және насихаттау.

Тыңдалды:

Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытып-үйрету бағытында «Ел таны, жер таны» тақырыбына қатысты, атақты Ясауи кесенесі жайында оқу саяхатын ұйымдастыру арқылы білім алушының тілдік деңгейін дамыту әрі молырақ ақпарат беру маңызды болып отыр. Осыған орай ТД, ТР топ тыңдаушыларының қатысуымен саяхаттау технологиясына құрылған **«Ясауи кесенесіне сапар»** атты саяхат жасалды.

Саяхат барысында тәлімгерлер ақынның өмірбаяны мен шығармаларын насихаттап, Ясауи шығармалары азаматтық рухта тәрбиелеуге, өз елін құрметтеп, патриоттық сезімді орнықтыруға және интеллектуалды ұлт қалыптастыруға шақыратынын айта отырып, түркі дүниесінен келген тыңдаушылар көне қаланың тарихымен толық танысып, оның архитектурасын, мәдени орындарын, киелі жерлерін көріп, ой түйіп, білімін кеңейту мақсатында кесенеге саяхат жасалынды.


Нәтижесінде, тыңдаушылар қатысып, Ясауидің өмірі, шығармашылығы және кесененің құрылысы мен маңайындағы архитектуралық кешендер туралы қысқаша ақпарат пен тапсырмалар берілді.

Қазақ орыс тілдері бөлімінің басшысы:



А.Қ. Мырзаханова

Хатшы:



А.Нұржанова





